

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі
«Нұр» балабақшасы

«Берекелі, мерекелі Алтын күз» мерекесі.



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

2022-2023 оқу жылы

«Берекелі, мерекелі Алтын күз» мерекесі.

Кейіпкерлер:

Алтын күз, Жаңбыр

Балалар:

Көкөністер мен жемістер

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата аналар. Берекелі алтын күз құтты болсын. Құтты болсын осы шаттық күніңіз, Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз. Қуанышты жүзіңізбен әрдайым, Бұл өмірде күліп қана жүріңіз. Бүгінгі біздің «Берекелі, мерекелі Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

(Ортаға әсем әнге балалар кіреді. Жарты шеңберге тұрады)

Жүргізуші:

Өнер десе жайнаймыз,

Сандуғаштай сайраймыз.

Алтын күзге арнаған,

Әнімізді шырқаймыз.

Бүлдіршіндердің күз мерекесіне арнап жаттаған әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Күз тамаша»

(балалар орындарына жайғасады)

Жүргізуші: Балалар, Күз қайда? Мүмкін адасып, бізге келе алмай жатқан шығар?

Кәне күзге арнап тақпақ айтып берейік

Тақпақтар

ЖЕНЯ

Өсіретін бойыңды,

Дамытатын ойыңды

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз.

АРТЁМ

Піскен кезде қызанақ,

Көз тартар қызыл түсімен.

Барма адам сүйсінбей,

Томат шырынын ішпеген.

БЕКЗАТ

Көрсен егер бақшада,
Доп екен деп қалма.
Шөл қандырап қарбызбын,
Ерте үзіп алмасын.

АМИРХАН

Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.
Төбемізде қол шатыр,
Алдымызда жол жатыр.

ДИНАРА

Жапырақ ұшты,
Суықта түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

АРСЕНИЙ

Картоп біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

ІЛИЯС

Жаңбырда көп жауады,
Бұлттар көкте ауады.

Күздің музыкасы естіледі, балалар орындықтарға барып отырады. Залға Алтын күз кіреді.

Алтын күз: Сәлеметсіңдер ма, балалар! Мені күтіп қалдыңдар ма? Мен Алтын Күзбін! Ормандарды, тауларды аралап, барлық жерді сары, қоңыр бояуға боядым! Құстарды жылы жақтарға шығарып салдым! Міне сендерге де келіп жеттім, мерекелерін құтты болсын!

Музыка әуенімен залға Жаңбыр кіреді.

Жаңбыр: Бұл не? Ап чи! Ештеңені түсінбедім! Ап чи! Мында неге жиналып отырсындар? Неге шулайсындар? Мен қайда келдім?

Балалар: Балабақшаға!

Жаңбыр: Балабақша? Ал сендер мені таныдындар ма?

Жүргізуші: Жоқ! Таныған жоқпыз!

Жаңбыр: Күз келді, күн суытты.

Менсіз бола ма күндерін?

Жөтеліп, тамақ ауырып

Бұның бәрін сыйлайтын

Жаңбыр деген достарын! Ап чи!

Егер дендерін сау болса, тез арада кетіндер! Мерекені болғызбаймын. Кәне бұл жерден кетіндер!

Жүргізуші: Ешқайда біз кетпейміз!

Осында ойнап күлеміз!

Күзде бізге келіп тұр,

сыйлықтарын беріп тұр!

Жаңбыр: ХА-ХА-ХА! Ақымақтар!

Күз мезгілі көңілсіз, ңызғарлы,

Ойнауға да ынғайсыз, сонда не істеп жүресіз?

Жүргізуші: Біз балабақшада әртүрлі ойындар ойнаймыз, денсаулыққа пайдалы жаттығулар жасаймыз. Мықты болып өсеміз!

Жаңбыр:

Ал мен дүкенге барамын,

Кола чипсы сатып аламын.

Ең пайдалы, дәмді де, түскі асқа кешке де.

Жүргізуші: Кола чипсы дегенің

Зиян келтіретін тағамын

Тұмаудан құтқаратын, витаминдер жеу керек. Жаттығу жасау керек.

Ойын: «Суретті құрастыр»

Жаңбыр: Иә жаттығуларың пайдалы екен! Витаминдер жеу керек пе? Жоқ олай жасамаймыз. Одан да достарымды микробтарды шақырайын! Жыл бойы жинап жүрдім! Сақтап жүрдім арнайы! *қабын ашып қарайды.* Кәне микробтар шығындар, балаларды тұмаумен ауыртып жіберіндер! *Қабынан микроб ойыншықты алып шығарады да балаларды қуады. Ал балалар орындықтарына қашып кетеді.*

Алтын күз: Ал біз микробтардан қорқпаймыз, құтқарады біздерді, пияз деген көкөніс!

Ортаға пияз шығады

Пияз: Сәлеметсіңдер ме балалар

Асханадан шықпаймын,
Атым –пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып.
Тұмаудан бірақ сақтаймын.
Даурен Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойынды.

Ең батылды, пайдалы
Көкөністің ішінде,
ем беретін **пиязбын!**
Тұмаудан да қорғаймын,
микробтарды жоямын!

Жүргізуші : Балалар ал біз пиязымызға ризашылығымызды тақпақпен жеткізейік!

Тақпақтар

РАМАЗАН

Дәмім тілді үйірген,
Мен тұздалған қиярмын.

ҚУАНЫШ

Мен шиемін, шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Қышқыл шырын менде бар,
Төмен басты иемін.

АЙЛИН

Піскен кезде құлпынай,
Қандай әсем шіркін-ай.
Қарай бергің келеді,
Дүркін, дүркін, дүркін-ай.

ЕРСҰЛТАН

Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен-бәдірен.
Күнге қарап ұялып.

Жаңбыр: Ой көмектесіндер! Көзім ашып барады, қымбатты микробтарым, қапқа қашып кетіндер! *микробтарды қапқа тығады.* Енді не істеймін? Ал маған бір ой келді, сендерді тұмаумен жұқтыру үшін жаңбырды шақыру керек. Үстерін су болып, жөтеліп ауырасындар. АП ЧИ.

Жаңбырдың дыбысы естіледі. Міне жаңбыр өзі келіп жетті!

Алтын күз: Ал біз жаңбырдан қорпаймыз, қолшатыр алып, ойнауға барамыз.

Ойын: «Жапырақпен шаш үлгісін жасайды»

Жаңбыр: Ап чи, маған не болды?

Жүргізуші: Денсаулық мықты болу үшін спортпен шұғылдану керек, және таңғы жаттығу жасау керек! Ал егер осындай пацдалы жемістер мен көкөністерді жесен, мүлде жазылып кетесін!

Жаңбыр: Балалар мені кешіріңдерші, сендермен қалуға рұқсат етіндерші. Мен енді жақсы болам спортпен шұғылданам, көкөністермен дос болам, сендермен қызықты би билеймін!

Би: «Көкөністер»

Алтын күз: Балалар, сендермен болғаныма қуаныштымын. Қаншама қызықты ойын білесіңдер, әдемі тақпақ пен ән айтасындар! Сендер сондай ақылды балалар екенсіңдер! Бірақ менің де сендерге арнап әкелген сыйлықтарым бар. Бұл жапырақтар жәй ғана емес, сиқырлы жапырақтар.

Ортаға себетті қояды орамалмен жабады.

Жаңбыр: Қазыр біз алтын күз екеуміз сиқырлы сөздер айтамыз! Сендер көздерінді жұмындар, бірақ ешкім қарамайды. *Балалар көздерін жұмғанда, Тұмау себетті айырбастайды басқа алмалары бар себетке.*

Алтын күз: Жапырақтар кәне кей, тәтті алма болындар! Орамалды алайын не боғаның көрейін!

Орамалды ашады, алмаларды балаларға топта береді. Кәне балалар сыйлықтарды алындар!

Балалар сыйлықтарға риза болады!

Жаңбыр: Қоштасатын кез келді!

Екеуі: Балалар сау болындар!

Шығып кетеді.

Жүргізуші: Балалар осымен бүгінгі Алтын күз мерекесі аяқталды, келесі кездескенше сау болындар!













